

Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысының бір бөлігін аудару нормативін белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Федоров ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 23 маусымдағы № 215 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 21 шілдеде № 4942 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Федоров ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 20 қарашадағы № 414 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Федоров ауданы әкімдігінің 20.11.2014 № 414 қаулысымен (қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағының 2) тармақшасына, "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңының 140-бабының 2-тармағына сәйкес Федоров ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысының бір бөлігін аудару нормативі қосымшаға сәйкес белгіленсін.

2. Мемлекеттік басқарудың тиісті салаларын (аяларын) басқару бойынша уәкілетті органдары жоспарланатын жылдың алдындағы жылдың 1 мамырына дейінгі мерзімде мемлекеттік мүлікті басқару бойынша уәкілетті органға алдағы үшжылдық кезеңге арналған аудандық бюджетке аударылуы тиіс таза табыстың бір бөлігінің болжамды сомаларын, сондай-ақ есепті жылы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның аудандық бюджетке аударған таза табысының м ө л ш е р і н б е р с і н .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімі орынбасарының міндетін атқарушы Қ.К. Баямбетовке жүктелсін.

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі *Қ. Ахметов*
Федоров ауданы әкімдігінің
2014 жылғы 23 маусымдағы
№ 215 қаулысына қосымша

Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындардың таза табысының бір бөлігін аудару нормативі

Таза табыс 3 000 001 теңгеден 50 000 000 теңгеге дейін	150 000 теңге + 3 000 000 теңге мөлшердегі таза табыстан асқан сомадан 10 пайыз
Таза табыс 50 000 001 теңгеден 250 000 000 теңгеге дейін	4 850 000 теңге + 50 000 000 теңге мөлшердегі таза табыстан асқан сомадан 15 пайыз
Таза табыс 250 000 001 теңгеден 500 000 000 теңгеге дейін	34 850 000 теңге + 250 000 000 теңге мөлшердегі таза табыстан асқан сомадан 25 пайыз
Таза табыс 500 000 001 теңгеден 1 000 000 000 теңгеге дейін	97 350 000 теңге + 500 000 000 теңге мөлшердегі таза табыстан асқан сомадан 30 пайыз
Таза табыс 1 000 000 001 теңге және одан жоғары	247 350 000 теңге + 1 000 000 000 теңге мөлшердегі таза табыстан асқан сомадан 50 пайыз

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК